

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚАРЖЫ
НАРЫҒЫН ЖӘНЕ ҚАРЖЫ ҰЙЫМДАРЫН
РЕТТЕУ МЕН ҚАДАҒАЛАУ АГЕНТТІГІ**

БАСПАСӨЗ-РЕЛИЗИ

**Қаржы рыногы мен қаржы ұйымдардың
жай-күйі туралы**

**2008 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша
(алдын ала деректер)**

Банк секторы

2008 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша республиканың банк секторы 35 екінші деңгейдегі банкпен көрініс алады.

Банктердің жиынтық активтері қаңтарда 3,0 млрд. теңгеге немесе 0,03%-ға ұлғайып, 2008 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша 11 680,4 млрд. теңгені құрады.

2008 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша банк секторының жиынтық есептік меншік капиталы 2007 жылғы желтоқсан айында 21,5 млрд. теңгеге немесе 1,2%-ға көбейіп, 1 781,8 млрд. теңгені құрады. Ағымдағы жылдың басынан көбею 52,5% (613,2 млрд. теңгені) құрады.

Есепті күнгі жағдай бойынша капиталдың тепе-теңдік көрсеткіштері мыналарды құрады k1 - 0,11, k2 - 0,14, (01.12.07ж. күні: k1 – 0,11, k2 - 0,14).

Банктердің несие портфелі (банкаралық заемдарды қосып алғанда) қаңтарда 29,6 млрд. теңгеге немесе 0,3%-ға азайып, 2008 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша 8 838,7 млрд. теңгені құрады. 2008 жылғы 1 ақпанда екінші деңгейдегі банктер бойынша негізгі борыш пен есептелген сыйақы бойынша мерзімі өткен берешек 154,6 млрд. теңгені құрады. 2008 жылғы 1 ақпанда мерзімі өткен берешектің үлесі жиынтық несие портфелінде 1,8% құрады.

2008 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша банктердің кредит портфелі құрылымында стандартты кредиттер үлесі - 39,8%, күмәнділердің үлесі - 58,7%, үмітсіздердің үлесі - 1,5% құрады (2007 жылғы 1 желтоқсанда стандартты кредиттер үлесі - 42,6%, күмәнділердің үлесі - 56,0%, үмітсіздердің үлесі - 1,4). 2007 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша стандартты кредиттер үлесі - 52,6%, күмәнділердің үлесі - 45,8%, үмітсіздердің үлесі - 1,6 % құрады.

Банктер заңды және жеке тұлғалардан (банктер мен халықаралық қаржы ұйымдарын қоспағанда) тартқан салымдардың жалпы сомасы қаңтарда 23,5 млрд. теңгеге немесе 0,4%-ға өсіп, 2008 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша 6 447,5 млрд. теңгені құрады. Заңды тұлғалар салымдарының сомасы қаңтарда 15,6 млрд. теңгеге немесе 0,3%-ға өсіп, 4 991,7 млрд. теңгені құрады, оның ішінде арнайы бағытталған еншілес ұйымдардың салымдары қаңтарда 5,1 млрд. теңгеге немесе 0,2%-ға өсіп, 2 534,1 млрд. теңгені құрады. Жеке тұлғалар салымдарының сомасы қаңтарда 8,0 млрд. теңгеге немесе 0,6% өсіп, 1 455,8 млрд. теңгені құрады.

Екінші деңгейдегі банктердің жиынтық кірістер сомасы өткен жылдың осыған ұқсас кезеңімен салыстырғанда 1,6 есе көбейіп, 2008 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша (шоғырландырылған емес есептіліктің нәтижесі бойынша) 174,4 млрд. теңгені құрады. Шығыстар сомасы өткен жылмен салыстырғанда 2,2 есе көбейіп, 200,4 млрд. теңгені құрады. Банктердің бөлінбеген таза кірісі (өтелмеген шығындары) 2008 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша 15,1 млрд. теңгені құрады, бұл өткен жылдың осы көрсеткішінен 1,1 есе жоғары.

2008 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша соттың шешімі бойынша мәжбүрлеп тарату процесінде 10 банк тұр.

Қаңтарда «Цветметбанк» АБ-ның мәжбүрлеп тарату процесі аяқталды.

2008 жылғы қаңтар айында екінші деңгейдегі банктердің және банк конгломераттарының қызметін реттеу мәселелері бойынша Агенттіктің Басқармасы бір қатар қаулылар қабылдады:

- «Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінде құжаттарды ұсыну мәселелері бойынша кейбір нормативтік құқықтық кесімдерге толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы» 2007 жылғы 30 наурыздағы № 76 қаулысына өзгеріс енгізу туралы»;
- «Банктің, банк холдингінің ірі қатысушысы, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы, ашық жинақтаушы зейнетақы қорының ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге келісімді беру, беруден бас тарту, қайтарып алу ережесін бекіту туралы»;
- «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының «Банктердің ішкі активтеріне қаражаттарды орналастыру бойынша нұсқаулықты бекіту туралы» 2000 жылғы 2 маусымдағы № 262 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы»;
- «Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және жинақтаушы зейнетақы қорының уақытша әкімшілігін (уақытша басқарушысын) тағайындау және қызметінің ережесін бекіту туралы» 2006 жылғы 9 қаңтардағы № 6 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы».

Сақтандыру рыногы

2008 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша республиканың қаржы рыногында Агенттік берген лицензияларға сәйкес 41 сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы іс-әрекет жасайды, бұл ретте өмірді сақтандыру қызметті жүзеге асыру бойынша 7 ұйымда лицензия бар, көлік иелерінің АҚЖ міндетті сақтандыру бойынша - 29 ұйымда лицензия бар. Сондай-ақ сақтандыру қызмет көрсету рыногында 13 сақтандыру брокері және 44 актуарий қызметті жүзеге асыруда.

2007 жылы сақтандыру ұйымдардың жиынтық активтері 65,0% өсіп, 2008 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша 223,6¹ млрд. теңгені құрады. Жиынтық меншік капитал 57,5% өсті және 126,3 млрд. теңгені құрады. Сақтандыру резервтер сомасы 86,4 млрд. теңгені құрады.

2007 жылы тұра сақтандыру шарттары бойынша қабылданған сыйлықақы көлемі 147,3 млрд. теңгені құрады, бұл 2006 жылғы ұқсас көрсеткішінен 22,5% көп. Оның ішінде міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру сыйлықақылардың көлемі 10,0%-ға көбейіп, 19,4 млрд. теңгені құрады, ерікті жеке сақтандыру бойынша - 16,2 млрд. теңгені (өсуі 25,6%) және ерікті мүлктік сақтандыру бойынша - 111,5 млрд. теңгені (өсімі 24,6%) құрады.

«Өмірді сақтандыру» саласы бойынша сақтандыру сыйлықақы көлемі 4,7 млрд. теңгеге дейін 25,9%-ға өсті (алдыңғы жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда), ал жиынтық сақтандыру сыйлықақылардағы өмірді сақтандырудың үлесі 3,2% құрады (2007 жылғы 1 қаңтарда 3,1% құрады).

Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақы сомасы 61,7 млрд. теңгені немесе жалпы сақтандыру сыйлықақылар көлемінің 41,9%-ын құрады, бұл ретте резидент еместерге қайта сақтандыруға жалпы сыйлықақылар көлемінің 33,5% берілді (01.01.2007ж. жағдай бойынша резидент еместерге қайта сақтандыруға берілген сыйлықақылар үлесі 32,4% құрады).

¹ Активтер сомасы қайта сақтандырушының үлесін ескеріп көрсетілген (ҚР ҰБ Басқармасының 2007 жылғы 20 шілдедегі № 86 қаулысымен өзгерістер)

2007 жылда тұра сақтандыру шарттары бойынша төленген сақтандыру төлемдерінің көлемі 49,2 млрд. теңгені құрады, бұл алдыңғы жылдың көрсеткішінен 3,5 есе жоғары. Оның ішінде міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру төлемнің көлемі 5,5 млрд. теңгені (10,3%-ға өскен) құрады, ерікті жеке сақтандыру бойынша – 4,2 млрд. теңгені (2,1 есе өскен) және ерікті мүліктік сақтандыру бойынша – 39,5 млрд. теңгені (5,6 есе өскен) құрады.

Осы уақытта сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру жүйесіне 32 сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы қатысады.

2008 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша соттың шешімі бойынша мәжбүрлеп тарату процесінде 3 сақтандыру компаниясы тұр.

Жинақтаушы зейнетақы жүйесі

2008 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша республикада 14 жинақтаушы зейнетақы қоры өзінің қызметін жүзеге асырды, олардың республика өңірлерінде 75 филиалы және 46 өкілдігі бар.

Жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды 11 ұйым жүзеге асырады, оның ішінде зейнетақы активтерін дербес басқаруға лицензиясы бар 6 жинақтаушы зейнетақы қоры: «МЖЗҚ» жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның еншілес ұйымы «Қазақстан Халық Банкінің жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ, «ТұранӘлем Банкі» АҚ-ның еншілес ұйымы «БТА Қазақстан жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ, «ЦентрКредит Банкі» АҚ-ның еншілес ұйымы - «Капитал» «ЖЗҚ» АҚ, «Қазақмыс» жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ және «Отан» ашық жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ.

2008 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша міндетті зейнетақы жарналары бойынша жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасы 1 221,4 млрд. теңгемен салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттарының (бұдан әрі – шот) саны 9 245 027 құрады. 2008 жылғы қаңтарда міндетті зейнетақы жарналарын аударатын салымшылар шоттарының саны 21 315 немесе 0,23%-ға өсті.

Ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылардың (алушылардың) шоттарының саны қаңтарда 100 (0,24%-ға) өсіп, 2008 жылдың 1 ақпанында жинақталған зейнетақы қаражаттарының жалпы сомасы 819,4 млн. теңгемен 41 004 құрады.

Ерікті кәсіби зейнетақы жарналары бойынша салымшылардың шоттарының саны қаңтар айында 2 (0,05%) өсіп, 2008 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша жинақталған зейнетақы қаражаттарының жалпы сомасы 53,8 млн. теңгемен 3 850 болды.

Зейнетақы жарналарының жалпы түсуі қаңтарда 18,5 млрд. теңгеге (2,03%) өсіп, 2008 жылғы 1 ақпанда 930,6 млрд. теңге болды.

Зейнетақы активтерінің инвестициялауынан түскен, салымшылардың (алушылардың) дербес зейнетақы шоттарына бөлінген «таза» инвестициялық кіріс сомасы (комиссиялық сыйақыны шегергенде) қаңтарда 1,9 млрд. теңгеге (0,55%) кеміп, 2008 жылдың 1 ақпанындағы жағдай бойынша 337,5 млрд. теңге болды.

Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаттарының жалпы сомасында «таза» инвестициялық кіріс үлесі 2008 жылғы 1 ақпанда 27,6 құрады, 2008 жылғы 1 қаңтармен салыстырғанда 50 базистік тармаққа кеміді.

Зейнетақы төлемдері және жинақтаушы зейнетақы қорларынан сақтандыру ұйымдарына аударымдары 2008 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша 66,2 5 млрд. теңге болды. 2008 жылғы қаңтарда алушылармен жалпы сомасы 3,1 млрд. теңге (4,9%) зейнетақы төлемдері жүзеге асырылды.

Салымшылардың (алушылардың) бір қордан екінші қорға жинақталған зейнетақы қаражат аударымдары бір айда 6,2 млрд. теңгеге (3%-ға) өсіп, 2008 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша 216,0 млрд. теңгені құрады.

2008 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтері бойынша номиналды кірістің орташа алынған коэффициенті мыналарды құрады:

- 2002 жылғы желтоқсан – 2007 жылғы желтоқсан кезеңінде - 46,15%. Номиналды кірістің түзетілген орташа өлшенген коэффициенті - 40,16% (осыған ұқсас кезеңдегі жинақталған инфляция деңгейі – 57,90%);

- 2004 жылғы желтоқсан - 2007 жылғы желтоқсан кезеңінде – 32,90 % (осыған ұқсас кезеңдегі жинақталған инфляция деңгейі – 38,57%);

- 2006 жылғы желтоқсан – 2007 жылғы желтоқсан кезеңінде - 9,47% (осыған ұқсас кезеңдегі инфляция деңгейі – 18,8%).

2008 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша соттың шешімі бойынша мәжбүрлеп тарату процесінде 1 жинақтаушы зейнетақы қоры бар.

2008 жылғы қаңтарда жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттеу мәселелері бойынша Агенттік Басқармасы мына қаулыны қабылдады:

- «Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Жинақтаушы зейнетақы қорларындағы салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттарында жинақталған зейнетақы қаражатының есебін жүргізу ережесін бекіту туралы» 2004 жылғы 12 маусымдағы № 153 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы».

Бағалы қағаздар рыногы

Корпоративтік бағалы қағаздар рыногында 2008 жылғы 1 қаңтарда қолданыстағы шығарылымдармен акционерлік қоғамдардың саны 2 200 қоғам болды. Сондай-ақ рынокта 82 брокер-дилер, 17 тіркеуші, 10 кастодиан-банк, зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын 11 ұйым (ЗАИБЖАҰ), 61 инвестициялық портфельді басқарушы және 3 трансфер-агент қызмет етуде.

2007 жылы 310 акциялар шығарылымы тіркелген (проспектілеріне өзгерістер енгізілген және мемлекеттік тіркеу туралы куәлігі ауыстырылған акциялар шығарылымдарын есепке алуымен), 218 акция шығарылымының күші жойылған. 2008 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 2 319 қолданыстағы акция шығарылымдары айналымда болды.

Сондай-ақ 2007 жылы жалпы номиналды құны 409,3 млрд. теңгемен 71 облигация шығарылымы, 8 облигациялық бағдарлама, сондай-ақ 279 млрд.теңге сомасына облигациялық бағдарламасы шеңберінде тіркелген облигациялар шығарылымы тіркелген. 2008 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша жиынтық номиналды құны 1 439,2 млрд. теңгені құраған қолданыстағы 286 мемлекеттік емес облигациялар шығарылымы айналымда болды. 2007 жылы төленген облигациялар шығарылымының саны 58,1 млрд. теңге сомасына 20 шығарылымдарды құрады.

2007 жылы 97 инвестициялық пай қорлары тіркелді. 2008 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша бағалы қағаздар рыногында қызметті жүзеге асыратын инвестициялық пай қорларының саны жыл басынан бастап 2,1 есеге өсіп 183 (146 - жабық, 17 – ашық және 20 – аралық) болды. Инвестициялық пай қорларының активтері 199,5 млрд.теңге болды, бұл 2007 жылғы ұқсас көрсеткіштен 2,2 есеге көп. Сонымен қоса, есептік кезеңде 26 акционерлік инвестициялық қор тіркелді, рынокта 40 акционерлік инвестициялық қорлар қызмет етуде, бұл өткен жылдың ұқсас көрсеткіштен 2,9 есеге көп. Өткен есепті жылы инвестициялық пай қорларының активтері 14,0% өсіп және 2008 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 113,4 млрд.теңге болды.

2008 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша KASE тізіміне енгізілген ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздар шығарылымдарының саны: «А» санаты бойынша – 247 шығарылым және «В» санаты бойынша – 73 шығарылым болды.

Агенттік Басқармасының кезекті отырысында бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушыларының қызметіне реттеуші және қадағалау функцияларын бұдан әрі жетілдіру мақсатында мынадай қаулы қаралды және қабылданды:

«Қазақстан Республикасы қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдарға арналған пруденциалдық нормативтердің нормативтік мәндері, оларды есептеу әдістемесі туралы нұсқаулықты бекіту туралы» 2006 жылғы 27 қазандағы № 223 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы».

Банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым секторы

2008 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша республиканың қаржы рыногында қолданыстағы лицензиялары негізінде 12 ипотекалық ұйым, сондай-ақ 23 банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым жұмыс істейді.

2008 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша ипотекалық ұйымдардың жиынтық активтерінің сомасы өткен есепті кезеңмен салыстырғанда 28,4 млрд. теңгеге немесе 15,1 % өсті және өткен жылдың басымен салыстырғанда 89,6 млрд. теңгеге немесе 70,8% өсті. Жиынтық міндеттемелер 2007 жылғы 1 желтоқсанмен салыстырғанда 18,3 млрд. теңгеге немесе 11,9% өсті және өткен жылдың басымен салыстырғанда 72,7 млрд. теңгеге немесе 73,6%, және 171,6 млрд. теңгеге қол жеткізілді. Ипотекалық ұйымдардың меншікті капиталының мөлшері 44,6 млрд. теңге болды, бұл осының алдындағы айдың және өткен жыл басының көрсеткішінен артық, тиісінше 29,3%-ға (10,1 млрд. теңге) және 60,8%-ға (16,8 млрд. теңге).

2008 жылғы 1 қаңтарда ипотекалық ұйымдардың жиынтық несие портфелі өткен жылдың осыған ұқсас кезеңімен салыстырғанда 72,7%-ға өсіп, 180,4 млрд. теңге болды.

Ипотекалық ұйымдардың кредит портфелі құрылымында 2008 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша стандартты кредиттер үлесі – 95,5%, күмәндісі – 3,9%, үмітсіздер – 0,6% болды. 2007 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша стандартты кредиттер үлесі – 93,8%, күмәндісі – 6,0%, үмітсіздер – 0,2% болды.

Агенттік бойынша 2007 жылғы желтоқсанда ипотекалық ұйымдардың қызметін реттейтін заңнамалардың бұзылуы болған жоқ.

Қаржы қызметін тұтынушыларының мүдделерін қорғау

2008 жылғы қаңтар айында Агенттікке жеке және заңды тұлғалардан, сондай-ақ басқа мемлекеттік органдардан 77 өтініш (арыз) түскен. Жалпы келіп түскен өтініштер бойынша 50,65 % хаттары екінші деңгейдегі банктер қызметінің мәселелерін қамтыды, 5,19%-ы - бағалы қағаздар рыногы субъектілерінің қызметі жөнінде, 10,39% хат - сақтандыру ұйымдарының қызметіне, 33,77% - жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметіне қатысты болды.

Төменде өтініштер туралы мәліметтер екінші деңгейдегі банктер, сақтандыру ұйымдары, жинақтаушы зейнетақы қорлары және өз қызметін бағалы қағаздар рыногында жүзеге асыратын ұйымдар бөлігі және жалпы шағымдардың үлес салмағы бойынша келтірілген:

р/с №	Қаржы ұйымының атауы	Өтініштер саны**	Қаржы рыногының тиісті секторындағы үлес салмақ, %-бен.
Банк қызметі			
1	«Валют-Транзит Банкі» АҚ	12	30,77

	«Альянс Банкі» АҚ	7	17,95
2	«Қазақстан Халық Банкі» АҚ	7	17,95
3	«Қазкоммерцбанк» АҚ	2	7,70
4	Басқалар:	8	20,51
	ЖИЫНТЫҚ:	39	50,65*
<i>Банктік емес қызмет</i>			
	Жиынтық:	0	0,0*
<i>Сақтандыру қызметі</i>			
1	Басқалар	8	100
	ЖИЫНТЫҚ:	8	10,39*
<i>Бағалы қағаздар рыногы</i>			
	Оның ішінде мына мәселелер бойынша:		
1	«АИМ» АҚ акционерлерінің құқықтарының бұзылуы	1	25
2	«АТФБанк» АҚ	1	25
3	«ҚазХром» ТНК АҚ дивидендтерін төлемеу	1	25
4	«Регистр - Центр» АҚ бағалы қағаздар эмитенттерінің құқықтарының бұзылуы	1	25
	ЖИЫНТЫҚ:	4	5,19*
<i>Жинақтаушы зейнетақы жүйесі</i>			
1	«Мұнай Газ-Дем» ЖЗҚ» АҚ	15	57,69
2	«Д.А.Қонаев атындағы АЖЗҚ» АҚ	4	15,39
3	«Валют-Транзит Полис» АҚ	2	7,69
4	Басқалар	5	19,23
	ЖИЫНТЫҚ:	26	33,77*
	Жиынтық	77	100

* - сектордың қаржы рыногындағы үлес салмағы

Сондай-ақ қаңтар айында осының алдында келіп түскен 76 өтінішті қарау жұмыстары аяқталды.